

үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; Қоғамның аудиторы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі;

14.6. Директорлар кеңесінің ең маңызды мәселелерін қарау мен ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда директорлар кеңесінің

- стратегиялық жоспарлау;
- кадрлар мен сыйақылар;
- ішкі аудит;
- тәуекелдерді басқару бойынша;
- Қоғамның ішкі құжатымен көзделген өзге де мәселелер бойынша комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеті Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс жасау үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің комитетінің төрағасы бола алмайды. Директорлар кеңесінің комитеттерін құру мен жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатымен белгіленеді.

14.7. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе, шектеусіз сан мәрте қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің мүшесі жеке тұлға ғана бола алады.

14.8. Акционерлердің Жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

14.9. Директорлар кеңесінің өкілеттіктерінің мерзімі Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін акционерлердің Жалпы жиналысы өтетін сәтте аяқталады.

14.10. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын өкілеттілігін тоқтату Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар Кеңесінің құрамынан шығар алдында 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Қоғамның Директорлар Кеңесіне берілген жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Осындай Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі Қоғамның Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

14.11. Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған жаңа мүшесін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттіктері мерзімінің аяқталуымен бірге аяқталады.

14.12. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен сайланады.

Қоғамның Директорлар кеңесі Төрағаны Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

14.13. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 3) Бас директормен (Басқарма Төрағасымен) және Ішкі аудит қызметі басшысымен (Қоғамның штатында ІАҚ бар жағдайда) еңбек шарттарын жасаған кезде, Жұмыс беруші (Қоғам) өкілі ретінде қатысады. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі жүзеге асырады.

14.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің
- Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей шақыруы тиіс.

14.15. Директорлар кеңесі мүшелеріне Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібі Директорлар кеңесімен анықталады.

«Алтын акция» иегеріне – алдағы болатын отырысы туралы жазбаша хабарлама (күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қоса алғанда) отырыс күніне дейін 15 күнтізбелік күн бұрын тапсырысты почтамен жіберіледі.

14.16. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысуға келе алмауы туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

14.17. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің мүшелері санының жартысынан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кворумға жетуге жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға ғана құқылы.

14.17-1. Күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдар Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелеріне отырыстың өту күніне дейін кемінде жеті күн бұрын ұсынылу қажет.

14.7-2. Қоғамның ірі мәміле немесе Қоғам қызығушылық танытқан мәміле жасасу туралы шешім қабылдау жөніндегі мәселелердің қарастырылу жағдайында, мұндай мәміле жөніндегі ақпаратқа мәміле жасасу жақтары, оның орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылып отырған тұлғалардың қатысу бөлігінің сипаты мен көлемі, сондай-ақ баға берушісінің есебі жөніндегі мәліметтер енгізілуі тиіс.

14.18. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер Директорлар кеңесінің қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысындағы мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының дауысы шешуші дауыс болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Қоғамның Директорлар кеңесінің екінші мүшесіне беруге тыйым салынады.

14.19. Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум бар болған кезде қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделіп, оған Директорлар кеңесі отырысының төрағасы және хатшысы қол қоюы тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдерді қоса жіберу тиіс.

14.20. Директорлар кеңесінің, оның отырысында ашық тәртіпте қабылданған шешімдері отырысты өткізген күннен бастап үш күн ішінде, отырыста төрағалық еткен тұлғамен және Директорлар кеңесінің хатшысымен жасалуы мен қол қойылуы, сондай-ақ

- Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны;
- отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- отырыстың күн тәртібі;
- дауыс беруге қойылған сұрақтар және Қоғамның Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібі сұрақтарының әрбіреуі бойынша Қоғамның Директорлар Кеңесі мүшелерінің әрбіреуі берген дауысының қорытындысы сипат алған дауыс беру қорытындылары;
- дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер көрсетілуі тиіс

хаттамасымен рәсімделеді.

14.21. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қол қоюымен және Қоғамның мөр бедерімен куаландырылған хаттамадан көшірмесін беруге міндетті.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қол қоюымен және Қоғамның мөр бедерімен куаландырылған хаттамадан және шешімнен көшірмесін беруге міндетті.

14.22. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе қоғамның директорлар кеңесінің осы Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

Акционер Қоғамның директорлар кеңесінің осы Заңның және қоғам жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім акционерлік қоғамның және (немесе) осы акционердің құқығы мен заңды мүдделерін бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

## 15- БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

15.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады. Қоғамның Басқармасы Басқарманың Төрағасы (Бас Директор) басқарады.

15.1.-1. Қоғамның атқарушы органы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде қоғамның атқарушы органының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.

15.2. Басқарма Қоғам қызметінің Заңнамамен және Жарғымен басқа органдардың және лауазымды тұлғалардың құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы, соның ішінде:

- 1) Қоғамның мүддесін білдіреді;
- 2) Қоғамның барлық қызметкерлері үшін орындауға міндетті шешімдер шығарады және тапсырмалар береді;
- 3) бағалы қағаздарды шығару проспектісін бекітеді;
- 4) акцияларды орналастыру бойынша жұмысын ұйымдастырады;
- 5) Қоғамның филиалдары, өкілдіктері, оның еншілес ұйымдары және тәуелді акционерлерлік қоғамдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;
- 6) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;
- 7) Қоғамның штаттық санын бекітеді;
- 8) өз капиталы мөлшерінің бестен он пайызына дейінгі соманы құрайтын Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту туралы шешімдер қабылдайды;
- 9) Қоғамның қызметін ұйымдастыруға бағытталған құжаттарды (еңбек тәртібінің ережелері; Қоғамның уақыт тәртібі; іс қағаздары жөніндегі нұсқаулық; Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің және консультативтік-кеңес беру органдарының қызметін реттейтін құжаттар; Қоғамның шарттарды жасауының тәртібін анықтайтын құжаттар; Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітетін құжаттардың тізіміне кіретін құжаттарды қоспағанда Директорлар кеңесі бекіткен тізімге сәйкес өзге де құжаттар) бекітеді;
- 10) Басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің ) он пайызына дейін Қоғамның сатып алуы жөніндегі шешім қабылдауға.

15.3. Қоғамның Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің сандық құрамын анықтау, Қоғамның Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін сайлау, өкілеттіктерінің

мерзімін, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Басқарма мүшелері Қоғамның акционерлері мен акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері бола алады. Басқарма кемінде 3 (үш) адамнан тұрады.

Басқарма мүшелерінің қызметі, құқықтары мен міндеттері қолданыстағы заңнамамен, Қоғам жарғысымен, сондай-ақ олардың әрқайсысымен Қоғамның атынан Басқарма Төрағасы жасасатын жеке еңбек шартымен анықталады. Еңбек шартына Қоғамның атынан Басқарма Төрағасы Қоғамның директорлар кеңесінің Төрағасы немесе жалпы жиналыс немесе Директорлар кеңесі бұған уәкілеттік берген тұлғамен жасалады. Басқарманың басқа мүшелерімен жасасатын еңбек шарты Басқарма Төрағасымен Қоғам атынан жасалады.

15.3-1) Қоғам Басқармасының мүшесі өз ынтасы бойынша мерзімінен бұрын өкілеттілігін тоқтату Қоғамның Бас директорының (Басқарма Төрағасының) Қоғам Басқармасының мүшесі, оның Басқарма құрамынан шығуына дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын берген жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырады.

15.4. Атқарушы органның veto құқығы бар мәселелері бойынша шешімдері, «алтын акцияның» иесімен келісуге жатады.

15.5. Басқарма мүшесі Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Атқарушы органның басшысы не Қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның атқарушы органның басшысы не қоғамның атқарушы органының, басқа заңды тұлғаның функцияларын лауазымын атқаруына құқығы жоқ.

15.6. Қоғам Басқарма мәміле жасасу сәтінде тараптар осындай шектеулерді білгенін дәлелдесе, Қоғамның белгілеген шектеулері бұзылып жасалған мәміленің жарамдылығына қатысты дауласуға құқылы.

Қоғамның Басқармасы акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

15.7. Басқарма отырысындағы шешімдер Жарғының 15.7.1.-15.7.2. көзделген нормаларды есепке алумен дауыс беруге қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауыспен қабылданады. Басқарма отырысын өткізу үшін кворум Басқарма мүшелерінің жалпы санынан 2/3 қатысуын құрайды. Қоғам Басқармасы мүшелерінің дауыстары тең болатын жағдайда, шешім қабылдау кезінде Басқарма Төрағасы шешуші дауысқа ие болады және Басқарма Төрағасы жақтап дауыс берген тиісінше шешім қабылданады.

15.7.1. Басқарма мүшесі күн тәртібіндегі кез келген мәселе бойынша дауыс беруге қатыса алмайды. Басқарма мүшелері Қоғамға не акционерге зиян келтіруге әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауаптылықтан босатылады.

15.7.2. Қоғамның дауыс беруге қатыспаған мүшелерінің саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының 1/3 аспауы тиіс. Дауыс беруге қатыспаған Басқарма мүшелерінің саны Басқарма мүшелерінің жалпы санының 1/3 асатын немесе Басқарма Төрағасы дауыс беруге қатыспайтын жағдайда осы мәселе күн тәртібінен алынып тасталынады және Басқарманың келесі отырысының қарауына қайтадан шығарылады. Қоғам Басқармасы осы мәселе бойынша шешім қабылдай алмайтын жағдайда күн тәртібіндегі осы мәселені Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығара алады.

15.8. Қоғамның Бас директоры (Басқарма Төрағасы):

- Жалпы жиналыс пен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындаулуын ұйымдастырады;
- Басқарма бекіткен Қоғамның штаттық санын есепке алумен Қоғамның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің құрылымы мен штаттық кестесін бекітеді;
- үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамды ұсыну құқығына сенімхат береді;
- Қазақстан Республикасы қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің (Қоғамның) өкілі ретінде әрекет етеді, соның ішінде филиалдардың, өкілдіктердің

басқарушы қызметкерлерін (атап айтқанда: директорларды, директордың орынбасарларын, бас бухгалтерлер мен бас инженерлерді), сондай-ақ Қоғамның Бас офисінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға марапаттау шараларын қабылдайды және тәртіптік шараларын қолданады, лауазымдық жалақыларының және Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыға дербес қосымшалардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы мәселелерін шешеді.

- өзі болмаған кезде өз міндеттемелерін орындауды Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;
- Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерін, сондай-ақ өкілеттіктері мен жауапкершілігінің салаларын бөледі;
- Қоғамның ағымдағы және болашақтағы жоспарлы мен бағдарлама-жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді;
- Қоғам оның өз капиталы мөлшерінің 5 (бес) пайызына дейін құрайтын сомаға міндеттемелерінің өсуі туралы шешімдерді қабылдайды, бұл ретте Қоғамның өз капиталы мөлшерінің көрсеткіші, Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген Қоғамның соңғы жылдық қаржы есептерінің мәліметтеріне сәйкес белгіленеді.
- Қоғамның атынан сенімхатсыз мәмілелер жасайды;
- Қоғамның және бөлімшелерінің банктік және басқа да шоттарды ашады;
- Қоғамның атынан сот немесе төрелік талқылауларды қозғайды және қатысады;
- құзыретінің шегінде Қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті болып келетін бұйрықтар, өкімдер шығарады және нұсқаулар береді;
- Басқарма отырыстарын шақырады және қажетті материалдарды қарастыруға ұсынады;
- Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, акционерлердің Жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесі мен *Басқарманың* айрықша құзыретіне жатқызылмаған міндеттерін орындауға қажетті барлық басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды. Басқарма Төрағасының (Бас директордың) өкілеттіктерінің бәрі немесе бөлігі тиісті сенімхатпен ресімделіп, шектеулі мерзімге берілуі мүмкін.

15.9. Филиалдың (өкілдіктің) директоры филиал Қызметкерлерімен филиалдың еңбек қатынастары бойынша Жұмыс беруші (Қоғам) өкілі ретінде әрекет жасайды, филиал директорының орынбасарларын, филиалдың бас бухгалтері және филиалдың бас инженерін қоспағанда, олармен еңбек қатынастарын реттеу Жарғының 15-бабы 15.8.-тармағына сәйкес Қоғамның Бас директорының құзыретіне жатады.

## 16-БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

16.1. Қоғамдағы қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

16.2. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімі бойынша үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Өкілеттіктерінің мерзімі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

16.3. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Қоғам Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

16.4. Ішкі аудит қызметі өз бастамасы бойынша немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің тапсыруы бойынша кез келген уақытта Қоғамның қызметін тексеруге құқылы. Ішкі аудит қызметі осы мақсат үшін Қоғамның барлық құжаттамасына шартсыз қол жеткізу құқығына ие. Ішкі аудит қызметінің талабы бойынша Қоғам қызметкерлері қажетті түсініктемелерді ауызша немесе жазбаша түрде беруге міндетті.

16.5. Ішкі аудит қызметінің жетекшісі өз қызметінің мәселелері қаралатын Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуға, Директорлар кеңесінің күн тәртібіне енгізу үшін мәселелерді көтеруге, сондай-ақ Директорлар кеңесінің қарауына Ішкі аудит қызметінің қызметкері лауазымына тағайындау үшін үміткерлер бойынша ұсыныстарды енгізуге құқылы.

## 17- БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

17.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшелері) өздеріне жүктелген міндеттерді адал, Қоғам мен акционерлердің мүддесін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсетеді деп негізді санайтын тәсілдерді қолдана отырып орындайды.

17.2. Қоғамның лауазымды тұлғалары Жарғыға немесе акционерлердің Жалпы жиналысының не Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетін, сондай-ақ жеке бас мақсатында Қоғамның мүлкі мен мүліктік құқықтарын пайдалануға немесе пайдалануға жол беруге және өзінің аффилиирленген тұлғалармен мәміле жасау кезінде қиянат жасамауы керек.

17.2-1. Қоғамның Директорлар Кеңесінің мүшелері міндетті:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның жарғысына және ішкі құжаттарына, еңбек шарттарына сәйкес, Қоғамның және оның акционерлерінің ынтасында ақпараттылық, айқындылық принциптері негізінде әрекет етуге;

- барлық акционерлерге әділетті болу, корпоративтік сұрақтар бойынша объективті тәуелсіз пайымдау жасауға;

17.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары тәуелсіз аудитті өткізуді қоса алғанда бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті. Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, соның ішінде Қоғамның ішкі құжаттарымен өзгеше белгіленбесе, қоғамда жұмыс тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтау.

17.4. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам және акционерлер алдында өздерінің әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) тигізген зияндары үшін, сондай-ақ келесі жағдайлардың:

- жаңылыстыратын ақпаратты немесе қасақана жалған ақпаратты беру;

- осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ақпарат беру тәртібін бұзу;

- олардың адалсыз әрекеттері мен (немесе) әрекетсіздіктері нәтижесінде, сонымен қатар Қоғаммен мұндай мәміле жасасу нәтижесінде олардың немесе олардың аффелиилі тұлғаларының пайда (кіріс) табуы мақсатында туындаған Қоғам шығындарына әкеп соққан Қоғам ынталылығы бар ірі мәмілелер мен (немесе) мәмілелер жасасуға және (немесе) оларды жасасу туралы шешім қабылдауға ұсыныс беру нәтижесінде пайда болған Қоғам шығындары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

17.4-1. Осы жарғыда қарастырылған жағдайларда акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған және олардың немесе олардың аффелиилі тұлғаларының пайда (кіріс) табуы мақсатында туындаған Қоғам шығындарына әкеп соққан ынталылыққа ие ірі мәмілелерді жасасу және (немесе) мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау, оларды жасасуға ұсынған лауазымдық тұлғасы немесе отырыста адалсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген Қоғам органына тиесілі лауазымдық тұлғасы жауапкершіліктен босатылмайды.

Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам органымен қабылданған Қоғамды не акционерді шығынға ұшыратқан шешімге қарсы дауыс берген, немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

17.4-2. Егер оның осы жарғыда белгіленген және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған Қоғамның лауазымдық тұлғаларының әрекет ету принциптерінің сақталуымен шешім қабылдаған кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде және қабылданған шешім Қоғам ынталылығына жағымды әрекет етеді деп есептеп, әрекет еткені дәлелденсе, онда Қоғамның лауазымдық тұлғасы шығындарды өтеуден босатылады.

17.5. Лауазымдық тұлға адалсыз әрекет ету және (немесе) әрекет етпеу жағдайында, акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде, Қоғам немесе Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымдық тұлғаға оның Қоғамға тигізген зиянын немесе шығынын өтеу, сондай-ақ Қоғам шығындарына әкеп соққан Қоғам ынталылығы бар ірі мәмілелер мен (немесе) мәмілелер жасасуға шешім қабылдаған (жасасуға ұсынған) тұлғаның және (немесе) оның аффилиилі тұлғарының пайданы (кірісті) Қоғамға қайтару жөнінде сотқа шағым беруге құқылы.

17.5-1. Егер осындай мәмілені жасасқанда және (немесе) жүзеге асырғанда қоғамның аталған лауазымдық тұлғасы үшінші тұлғамен жасасқан келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы жарғының және Қоғамның ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптарын бұза отырып, әрекет еткен болса, онда Қоғам немесе Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) өз атынан Қоғамның лауазымдық тұлғасына және (немесе) сол үшінші тұлғаға қоғамның осы үшінші тұлғамен жасасқан мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген шығындарын өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

17.5-2. Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) сот органдарына жүгінудің алдында қоғамның лауазымдық тұлғаларының тигізген шығындарын Қоғамға өтеу және Қоғамға лауазымдық тұлғаларының және (немесе) олардың аффилиилі тұлғаларының ынталылығы бар ірі мәмілелер мен (немесе) мәмілелер жасасуға шешім қабылдау (жасасуға ұсыну) нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) Қоғамға қайтару жөніндегі мәселені директорлар кеңесінің отырысына шығару жөніндегі талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге қажет.

17.5-3. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы осы жарғының 17.5-2 т. көрсетілген арыздың түскен күнінен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесінің шұғыл отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционердің (акционерлердің) арызы бойынша қабылдаған шешімі оған (оларға) отырыстың өту күнінен кейін үш күннен кешіктірмей жеткізіледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған шешімін алғаннан кейін немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алмағаннан кейін Қоғамның бес не одан артық дауыс беру акцияларына ие болған (жиынтықта ие болып отырған) акционер (акционерлер) оның көрсетілген мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінгендігін растайтын құжаттарының бар болған жағдайында, өз атынан Қоғам ынталылығын қорғау жөніндегі шағымымен сотқа жүгінуге құқылы.

17.5-4. Қоғамның лауазымдық қызметкерлері экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық не басқа да органдарда қызметке қарсы ынталылықтағы мүлікке жасалған қылмыста сотпен кінәлі етіп танылса, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасауда ақталмау негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылған тұлғалар шығынды өтегеннен немесе заңда белгіленген тәртіпте сот жазасынан не қылмыстық жауапкершіліктен босатылғаннан кейінгі күннен бастап бес жыл бойы Қоғамның лауазымдық қызметкерлерінің, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысындағы акционерлердің өкілі міндеттерін орындай алмайды.

17.5-5. Қоғамның қаржылық есебі Қоғамның қаржылық дәрежесін бұрмалаған жағдайында, Қоғамның осы қаржылық есебіне қол қойған Қоғамның лауазымдық тұлғалары бұның нәтижесінде материалдық шығынға ұшыраған үшінші тұлғаның алдында жауапты болады.

17.6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімімен шығарылған (24.05.2011 ж. № 1 Хаттама).

17.7. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның қызметі туралы ақпараттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ашылуын және ұсынылуын бақылайды.

## 18- БАП. ҚОҒАМНЫҢ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ

18.1. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары мыналар:

- 1) Қоғамның ірі акционері;
- 2) Қоғамның тәуелсіз директорын қоспағанда ірі акционері не лауазымды тұлғасы болып табылатын жеке тұлғаның жақын туыстары (ата-анасы, ағасы, қарындасы, ұлы, қызы), сондай-ақ бажалық жағынан туыстары (жұбайының ағасы, қарындасы, ата-анасы, ұлы, қызы) бар жеке тұлға;
- 3) тәуелсіз директорды қоспағанда осы тармақтың 1), 4), 9) - тармақшаларында көрсетілген қоғамның немесе заңды тұлғаның заңды тұлғасы;
- 4) Қоғамның ірі акционері не лауазымды тұлғасы болып табылатын тұлғамен бақыланатын заңды тұлға;
- 5) өзіне қатысты Қоғам ірі акционер не Қоғамның лауазымды адамы болып табылатын не мүліктегі тиісті үлесі бар заңды тұлға;
- 6) өзіне қатысты Қоғам ірі акционер болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлесі бар заңды тұлға;
- 7) Қоғаммен бірге үшінші тұлғаның бақылауындағы заңды тұлға;
- 8) Қоғамның қабылдайтын шешімдерін анықтауға құқылы тиісті қолданыстағы шартымен Қоғаммен байланысты тұлға;
- 9) дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп Қоғамның не осы тармақтың 1), 4)-8) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың дауыс беретін акцияларының (ұйымның қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызын иеленетін, пайдаланатын және оларға билік жүргізетін тұлға;
- 10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғамның аффилиирленген тұлғасы болып табылатын өзге тұлға.

18.2. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

18.3. Қоғам аффилиирленген тұлғалардың немесе Қоғам тіркеушісінің берген мәліметтер негізінде өзінің аффилиирленген тұлғаларын (уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте тек ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты) тіркеуді жүргізуге міндетті.

Қоғам аффилиирленген тұлғалардың тізімін уәкілетті органға онымен белгіленген тәртіпте тапсырады.

18.4. Қоғамның аффилиирленген тұлғалар болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалар Қоғамға аффилиирленгендік туындаған күннен бастап жеті күш ішінде өз аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

18.5. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен өзара мәміле жасасуының ерекшеліктері заңнамамен белгіленеді. Мұндай мәмілені жасаудың тәртібіне талаптардың сақталмауы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың оны жарамсыз деп тануына негіздеме болып табылады.

18.6. Мыналар:

- 1) коммерциялық емес ұйымның немесе кредиттік бюроның ірі акционерлері (қатысушылары) болып табылатын тұлғалар;
- 2) әрекет етуге қабілетсіз және қабілеті шектелген тұлғалар аффилиирленген болып табылмайды.

## 19- БАП. ІРІ МӘМІЛЕ

19.1. Қоғам жасайтын келесі мәмілелер ірі мәмілелерге жатады:



а) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның (олардың) нәтижесінде Қоғам құны Қоғамның активтері құнының жалпы санынан жиырма бес немесе одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алады немесе иеліктен айырылады (сатып алуы және иеліктен айырылуы мүмкін);

б) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның (олардың) нәтижесінде Қоғам саны Қоғамның орналастырылған құнды қағаздардың жалпы санынан жиырма бес немесе одан көп пайыз ол орналастырған құнды қағаздарын сатып алуы немесе қоғамның ол сатып алған құнды қағаздарын сатуы мүмкін;

19.2. Бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерге келесі жатады:

а) белгілі бір мүлікті сатып алу немесе иеліктен алуға қатысты бір немесе бір-бірімен аффилиирленген тұлғалар жасайтын бірнеше мәмілелер;

б) бір шартпен немесе бір-бірімен байланысты бірнеше шарттармен ресімделетін мәмілелер.

19.3. Қоғамның ірі мәмілелерді жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді. Мұндай мәмілені жасаудың тәртібіне талаптардың сақталмауы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың оны жарамсыз деп тануы негіздеме болып табылады.

19.4. Белгіленген тәртіпті бұза отырып қасақана ірі мәміле жасаған тұлғаның мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге, егер мұндай талап бас пайдасын көздеу себебімен немесе жауапкершіліктен жалтару ниетінен туындаса құқығы жоқ.

## 20- БАП. МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАУҒА МҮДДЕЛІЛІК

20.1. Қоғамның мәміле жасауға мүдделі тұлғалары (мүдделі тұлғалары) Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып танылад, егер олар:

1) мәміленің тарабы болса немесе өкіл немесе делдал ретінде оған қатысса;

2) мәміленің тарабы болып табылатын заңды тұлғаның аффилиирленген тұлғалары болса немесе өкіл немесе делдал ретінде оған қатысса,.

20.2. Мыналар:

а) акционерлердің Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздардың сатып алу, Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алу бойынша мәміле;

б) банкілік коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияларды қамтитын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдау бойынша мәміле;

в) Қоғамды осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын қайта ұйымдастыру;

г) Қоғамның өз аффилиирленген тұлғамен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысты жасаған мәміле жасауға Қоғамның мүдделілігі бар мәміле болып табылмайды.

20.3. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешімді жалпы жиналысы жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен қабылданады.

20.3-1. Оның нәтижесінде Қоғамның активтерінің көлемінен он және одан артық пайыз соммасындағы мүліктің сатып алынуы немесе шеттетілуі жүргізіліп отырған мәмілені жасасу жөніндегі шешім Қазақстан Республикасының баға беру қызметі заңнамасына сәйкес баға берушісімен анықталған осы мүліктің нарықтық бағасының есепке алынуымен қабылдануы қажет.

Мұндай мәміленің мәні ақшада және (немесе) бастапқы нарықта шығарылатын (орналастырылатын) құнды қағаздарда жатса, онда нарықтық құнының бағасы қажет етілмейді.

20.4. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешімді жалпы жиналысы жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен:

